

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 18-02/691 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10141 тіркелді.

Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 18-02/691 бұйрығымен  
бекітілген

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыру қағидалары

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыруды қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 18-29) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландырудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік орман иеленушілер (бұдан әрі – орман иеленушілер) сүрек дайындау жұмыстары аяқталғаннан кейін кеспеағаштарды игерудің толықтығы мен дұрыстығын анықтау, сондай-ақ толық кесілмей қалып қойған ағаштарды (артық кесілген ағаштарды), тасып әкетілмеген сүректі және сүрек дайындауды жүзеге асыру кезінде жерге құламай қисайып қалған ағаштарды анықтау мақсатында мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерге куәландыру жүргізіледі.

3. Куәландыруға рұқсат беру құжаттарында (ағаш кесу билеттері) көрсетілген дайындау мен тасып әкету мерзімі аяқталған ағаш кесілген барлық жерлер жатады.

Сүрек тасып әкетуді кейінге қалдыру мерзімі берілген жағдайда осы кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін қайталама куәландыру жүргізіледі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2015 № 19-1/1124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру ағаш кесу билетінің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, ал сүрек дайындау мен тасып әкету ағаш кесу билетінде көрсетілген мерзімнен ерте аяқталған жағдайда хабардар етілген күннен бастап жүргізіледі.

5. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру күні туралы орман иеленуші орман пайдаланушыны немесе оның өкілін мерзім белгіленгенге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

Орман пайдаланушы немесе оның өкілі белгіленген мерзімде келмеген жағдайда орман иеленуші куәландыруды оның қатысуынсыз жүргізеді. Бұл ретте осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған куәландыру актісі (бұдан әрі – акт) орман пайдаланушыға акт жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 күнтізбелік күн ішінде жіберіледі.

6. Кеспеағаштарды игеру технологиясы талаптарының сақталуын (өскіннің сақталуы, кеспеағаштарды тазарту) бақылау мақсатында куәландыру қарсыз кезеңде жүргізіледі. Жайсыз климат жағдайлары кезінде (қардың қалың түсуі, өзендердің тасуы, жолдың бұзылуы) куәландыру орман пайдаланушымен келісім бойынша орман иеленуші белгілейтін басқа уақытқа ауыстырылады.

7. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру кезінде орман иеленушіде өзімен бірге:

1) рұқсат беру құжаттары (ағаш кесу билеттері) немесе олардың көшірмелері және сүрек жинап қойылатын орындар көрсетіле отырып, куәландырылуға жататын әрбір кеспеағашқа (мөлдекке) арналған абристер;

2) өлшеу құралдары мен аспаптары (бұрыш өлшеу құралы, өлшеу лентасы, рулетка, өлшеу ашасы);

3) кеспеағаштарды бөлу және таксациялау материалдары (ағаштарды қайта есептеу ведомосы, кеспеағаштарды материалдық-ақшалай бағалау ведомосы, кеспеағаш қорын алдын ала беру актісі);

4) куәландыру актілерінің, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың, қайта есептеу ведомостарының, материалдық-ақшалай бағалаудың бланкілері болуы қажет.

8. Куәландыруға қатысушы орман пайдаланушыда өзімен бірге:

1) егер заңды тұлға болса:

орман пайдаланушының өкіліне - сенімхат;

ұйым басшысы мен бас бухгалтер қол қойған дайындалған сүрек (оның ішінде кәделік, отындық, өтімді шыбықтар мен бұтақшалар) мөлшері туралы еркін жазылған анықтама;

ресімделген технологиялық карта;

2) егер жеке тұлға болса:

дара кәсіпкер қол қойған дайындалған сүрек (оның ішінде кәделік, отындық, өтімді шыбықтар мен бұтақшалар) мөлшері туралы анықтама;

ресімделген технологиялық карта болуы қажет.

9. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру нәтижелері орман иеленушінің, орман пайдаланушының өкілдері және куәландыруға қатысушы барлық адамдар (орман шебері, орманшы) қол қоятын актіге енгізіледі. Актіге куәландыру кезінде алынған деректерден басқа орман пайдаланушы анықтамасының деректері бойынша нақты дайындалған кәделік және отындық сүректің мөлшері туралы мәліметтер де енгізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру нәтижелері бойынша орман иеленуші ведомстволық бағыныстылығына қарай жоғары тұрған ұйымға "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 231 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13573 болып тіркелген) бекітілген 4-ОШ нысаны бойынша кеспеағаштардағы сүрек қалдықтары және ағаш кесілген жерлерді тазарту туралы есеп береді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру нәтижелерін есепке алу әрбір кеспеағаш (мөлдек) бойынша жүргізіледі, ол туралы деректер ағаш кесу билетіне жеке жолмен енгізіледі.

Куәландыруға сондай-ақ кеспеағаштармен аралас 50 метрлік жолақтар да жатады.

12. Ағаш кесілген жерлерді куәландыру кезінде кеспеағаштарды игерудің толықтығы мен дұрыстығы, кеспеағаштарды игеру тәсілдерінің технологиялық картасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/596 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12249 болып тіркелген) Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес (кеспеағаштар мен сүрек сүйретіп шығаратын жолдардың ені, тиеу алаңдарын, қоймаларды және басқа да қосымша объектілерді орналастыру, орман өсіру талаптарын сақтау) анықталады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2015 № 19-1/1124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде  
ағаш кесілген жерлерді куәландыру  
қағидаларына қосымша

Нысан

### **Ағаш кесу жерлерін куәландыру АКТІСІ**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы

Мемлекеттік орман

иеленуші \_\_\_\_\_ Орманшылық \_\_\_\_\_

(акті жасаушының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Орман пайдаланушы \_\_\_\_\_

(мекеменің аты)

(лауазымы, тегі, аты – жөні (болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ қатысуымен

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхат негізінде әрекет ететін

" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы, куәландыру күні және орны туралы

\_\_\_\_\_ хабарландырылған және \_\_\_\_\_

(хабарландыру тәсілі)

(куәландыру кезінде қатысушылардың лауазымдары, тегі және аты-жөні)

№ \_\_\_\_\_ орамда, кесу орындарын куәландыруды жасадық

мөлдектің № \_\_\_\_\_, ағаш кесу билеті № \_\_\_\_\_,

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ берілген

(кім берді)

Кесу тәсілі \_\_\_\_\_, есепке алу тәсілі \_\_\_\_\_

Тазарту тәсілі \_\_\_\_\_

Дайындау мерзімінің аяқталуы \_\_\_\_\_, әкетілім мерзімінің аяқталуы \_\_\_\_\_

Куәландыру кезінде белгіленгені:

	Өлшем бірлігі	Орман кесу билетімен алдын ала қарауымен	Нақты кесілгені	Куәландыру күні ағаштың қолда бары	Ескерту
1	2	3	4	5	6
Кеспеағаш ауданы	га				
Барлық массасы	текше метр				
Соның ішінде:					
кәделік					
отын					
шырпы					
сақталынуы					
өскін					
ауданы	га				
саны	мың дана				

Куәландыру кезінде мынадай бұзушылықтары анықталған:

Орман пайдаланушының түсінігі

Куәландыру кезіндегі қатысқан адамдардың ескертулері мен ұсыныстары

Орманға күтім жасау мақсатында ағаш кесу сапасына ағаш өсіру бағасы.

Мемлекеттік орман иеленуші, ұйым

Орман пайдаланушы

Қатысқандар

Қолдары:

Акт бойынша қорытынды:

Орман иеленушінің, ұйымның басшысы

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл